

«АТЫРАУ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ

НОВАТОР

6 мамыр
2022 жыл
ЖҰМА
№ 9 (4497)

1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW.ANPZ.KZ

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:



ҚАЗАҚСТАН – ҰЛТТАР ДОСТЫҒЫ
ЖАРАСҚАН МЕМЛЕКЕТ!



БАТЫРЫ РЯДОМ С НАМИ



*Құрметті зауыттықтар!
Құрметті ардагерлер мен еңбеккерлер!*

Сіздерді Жеңіс күнімен және Отан қорғаушылар күнімен құттықтаймын!

9 Мамыр - ел тарихындағы маңызды күн. Бұл мереке - Отан үшін күрескен сұрапыл соғыста ерлік танытқан ардагерлерімізді, тыл еңбеккерлерімізді ардақтайтын күн. Бұл күн қайсар рухты батырларымыздың арқасында еңсере алған қиын жылдарды еске салады. Біз Ұлы Отан майдан даласында ерлікпен күрескен, қазіргі кезде елімізді қорғап жүрген азаматтарды құрметтейміз. Ұлы Жеңіс күнінде батырларларымыздың жанкешті ерлігі әр ұрпаққа үлгі болары сөзсіз. Бүгінде ардагерлеріміздің қаһармандығының арқасында бейбітшілік пен келісімде еш алаңсыз өмір сүрудеміз. Сондықтан ел ішінде ел бірлігін сақтау және қорғау басты міндетіміз.

Құрметті зауыт қызметкерлері, баршаңызға денсаулық, табыс, амандық және бейбіт аспан тілеймін. Мерекелеріңізбен!

«АМӨЗ» ЖШС бас директоры Арман ҚАЙРДЕНОВ

*Дорогие заводчане!
Уважаемые ветераны и труженики!*

Поздравляю вас с Днем Победы и Днем защитника Отечества!

9 Мая – важная дата в истории страны. Этот день напоминает нам о тяжелых для нашего народа годах, которые он смог преодолеть благодаря своей смелости и непоколебимой стойкости.

Мы никогда не забудем и всегда будем чтить подвиги наших отцов и дедов, всех, кто героически сражался на фронтах Великой Отечественной, трудился в тылу, восстанавливал страну в послевоенные годы. Великая Победа и сегодня вдохновляет нас на новые свершения, служит примером для подрастающего поколения. Мы отдаем дань уважения нынешним и будущим защитникам страны, тем, кто посвятил свою жизнь службе в Вооруженных силах, кто и сейчас защищает мир и спокойствие нашей республики. И мы должны сохранить и сберечь наше главное богатство - единство и согласие в стране.

Дорогие заводчане, позвольте пожелать всем здоровья, успехов, благополучия и мирного неба. С праздником!

Генеральный директор ТОО «АНПЗ» Арман КАЙРДЕНОВ

QAҒЫPSIZDIK

SAPA

TURAQTYLYQ



БЕЗОПАСНОСТЬ

КАЧЕСТВО

СТАБИЛЬНОСТЬ

ҚАЗАҚСТАН – ҰЛТТАР ДОСТЫҒЫ ЖАРАСҚАН МЕМЛЕКЕТ!

Атырау мұнай өндеу зауытында 20-ға жуық ұлт өкілдері қызмет етеді. Сондықтан АМӨЗ халықтар достастығы мен бірлігінің үлгісі болып табылады. Өзара түсіністік пен келісім – біздің кәсіпорынның ерекше ұстанымы болып есептеледі. Елімізде ұлттар татулығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері дамып келеді.



- Мен Қазақстанның мұнайлы мекені - Атырау қаласында дүниеге келдім. Қазақстанымыз өзге елдерге кең байтақ жерімен, мұнайымен, қонақжайлығымен танымал. Елімізде түрлі ұлт өкілдерінің татулық діндегі еш уақытта ажыраған емес. Олай дейтінім, менің отбасым әртүрлі ұлт өкілдерінен құралған. Әкемнің ұлты - кәріс, есімі - Сергей, анамның ұлты - орыс, есімі - Елена, жолдасымның ұлты - неміс, есімі - Ульяна, қызымның ұлты - татар, есімі - Земфира. Олар менің өмірімдегі ең қымбат адамдар. Қазақтардың тұрашыл мінезін, жанашырлық қасиетін ерекше бағалаймын. Олар әрқашан бейтаныс жанға көмектесуге дайын тұрады. Ал олардың ұлттық тағамдарының ішінен бешбармақ тағамын, сусындардан шұбатты ерекше ұнатамын. Зауытта 3 жылдан бері қызметтемін. Бөлімдегі Евгений Мартынов әріптесіммен бір мектепте білім алдық. Тіпті, жақындарымыз бір-бірімен араласады. Қазақстан халқының бірлігі мерекесін отбасымызбен бірге жыл сайын тойлап келеміз. Себебі бұл күні халық бірігіп мерекелік шерулер, ойын-сауық, спорт шараларына қатысады. Мен мұнайлы Атырау қаласында тұрып жатқаныма қуаныштымын, - деді «АМӨЗ» ЖШС ақпараттық жүйелердің маманы Владислав Тен.

- АМӨЗ-де 1993 жылдан бері жұмыс жасаймын. Ұлтым - татар. Кәсіпорындағы 30 жылдық тәжірибеде қызметкерлердің есімі есімде, бірақ кімнің қай ұлт екенін есте сақтау мүмкін емес. Бірақ ұжымдағы әріптестермен татулық. Олармен достығымыз зауыттың төңірегінде ғана жалғаспайды. Жұмыстан тыс уақытта туған күн, мерейтой, балаларымыздың тойларында жиі-жиі кездесіп тұрамыз. Соңғы кездері немерелеріміздің туған күндерін бірге тойлайтын болдық. Осындай мерекелер әріптестермен қарым-қатынасымызды жақсартып, бір-бірімізді жақыннан тануға, жұмыстағы мәселелерді ұйымшылдықпен шешуге мүмкіндік береді. Шын мәнінде, айналымды жақсы адамдар қоршағаны үшін елімді жақсы көремін. Менің балаларым және келер ұрпақ тату өмір сүреді деген үміттемін. Әр адамның ұлты маңызды емес, барлығы бір жердің тіршілік иесі болған соң баянды өмір сүргісі келеді, - деді «АМӨЗ» ЖШС технологиялық қондырғы операторы Сергей Ибрагимов.

- Атырау облысы табиғи қазба байлығымен қатар тарихи мұрасы да мол аймақтың бірі. Осы жерде дүние есігін ашқан соң қаланың әр көшелерін жатқа білемін. Әкемнің ұлты - украин, анамның ұлты - орыс. Бейбітшіліктің бесігінде тербеліп, туған жерімде тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан менің түсінігімде, Қазақстан - әр ұлттың мәдениетін құрметтейтін ел. Зауытта 2017 жылдан бері жұмыс жасаймын. Жұмыста қазақша еркін сөйлегенім барлығын қуантады. Мені қоршаған достарым кәріс, қазақ, орыс ұлт өкілдері болса да бір-біріне жанашыр, қамқор, тілекші. Олармен кез келген мерекені бірге қарсы аламыз. Отбасымызбен бірге Қазақстан халқының бірлігі




мерекесін Исатай-Махамбет алаңында қарсы алдық. Туған Отанымыздың гүлденіп, тұрақтылық пен бейбітшілік мекені болуы үшін ел ішінде ел бірлігін сақтауға тиіспіз, - деді «АМӨЗ» ЖШС химиялық талдау зертханашысы Альбина Пилипец.

- Мен Қазақстанның Ақтөбе облысында дүниеге келдім. 1986 жылы Аты-



рауға қоныс аудардым. Сол жылдан бері зауытта қызмет атқарып келемін. Қазақтар өте қонақжай, бауырмал, жанашыр және дәстүрге берік халық. Кезінде 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесін демонстрациялық шерумен қарсы алатынбыз. Қазір де осы дәстүр қайта жаңғырса артық етпес еді. Қазақ халқы - салт-дәстүрге өте бай халық. Бұл - олардың мәдениетті ел екендігінің айғағы. Маған бесіктой, қыз ұзату, жол-жоралғы сияқты қазақ дәстүрлері ерекше қызық және көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Олардың тағамдары да ұнайды. Мысалы, бешбармақ, қазы, шұжық, бауырсақ тағамдары ерекше дәмді. Зауытта Роза Юнусова, Ольга Антышева есімді әріптес құрбыларым да бар. Біз бір-бірімізді ұлттық тағамдар әзірлеп қонаққа шақырамыз. Менің анамның ұлты - еврей. Құрбыларым қонаққа келгенде анам еврей ас үйінің тағамдарын ұсынады. Барлығымыз бір нанды бөле жеген халықпыз. Сондықтан елімізде өмір сүріп жатқан барша ұлт ортақ тіл табыса білуі тиіс, - деді «АМӨЗ» ЖШС өндірістік бөлімнің диспетчері Людмила Посохина.

- Зауытта жарты жыл көлемінде жұмыс жасаймын. Өмірде ұлтқа қатысты ешбір қиындықтар болған емес. Оның үстіне, көңіл жарастырып жүрген досымның ұлты - қазақ. Біздің әдет-ғұрыптарымыз әртүрлі болса да ара-қатынасымыз жақсы өрбіп келеді. Қоршаған ортамызда екі түрлі ұлттың отбасылы болып жатқанын жиі көремін. Өз отбасыма да әкемнің ұлты - белорус, анамның ұлты - орыс. Сондықтан бұл жағдай мен үшін қалыпты. Біз барлығымыз бір халықпыз, үлкен ұлтпыз. Бірлік, ұлтаралық келісім - қазақстандықтардың қалауы деп білемін, - деді «АМӨЗ» ЖШС химиялық талдау зертханашысы Тамара Балка.



Біз ешқашан ұлтаралық қалыңдықтың орын алуына жол бермеген халықпыз. Елімізде қазақтардың саны көп болса да өзге ұлттың мәдениетіне, тіліне, дәстүріне сыйластық танытып келеміз. Қоғамдағы тұрақтылықты сақтау, мемлекетіміздің саясатының негізгі бағыты екенін ұмытпайық.

Айдана ҚАНАТАЕВА
Суретке түсірген
Данияр МҰХАМБЕТОВ

АУЫЗАШАР БЕРУ – САУАПТЫ ІС

Айлардың сұлтаны – Рамазан айында ауызашар беру үлкен сауапты іс. 28-ші сәуірде АМӨЗ басшылығы зауыт орталық асханасында ораза тұтқан 120 қызметкерге ауызашар ұйымдастырды.

Ауыз ашар алдында арнайы шақырылған Құспан Молла мешітінің имамы Эмнат Ғұмаров құран оқыды.

- Рамазан айында Алла Тағала күнәлардан арылуға мүмкіндік береді. Айдың сұлтаны болған рамазанда жүрек демалып, асқан тазарады. Көру, есту арқылы ғайбаттардан арылып, сөйлер алдында жүрегімізде иманымыз болсын. Кейбір шетелдіктер дастарханда отырып күнделікті дәмді аспен тамақтанса, ораза ұстаған мұсылманның ауызашардағы сусыны ерекше дәмді болады. Яғни тамақтың қадір-қасиетін түсінеді. Осындай игі істі қолға алып,



дастархан жайған зауыттың ұйымшыл ұжымы сауапқа кенелсін. Жасаған еңбектеріңіз ақталып, кәсіпорынның қуаты өркендей берсін, - деді имам.

- Зауытта 600 - дей адам ауыз бекіткен. Олардың барлығын дастарханға шақыру мүмкіндігі болмады. Оразада бір-бірімізге жақсы ниетпен тілек айтып, кешіріммен қарау керекпіз. Ерте заманда үлкен қариялар оразаны ұстайтын. Қазіргі кезде дастархан төрі ораза тұтқан жастармен толы. Ауызашардың берілуін қамтамасыз еткен басшылығымызға да алғысымызды білдіреміз, - деді «АМӨЗ» ЖШС қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу департаментінің директоры Серік Арыстан.

Шараның ұйымдастырылу барысында зауыттың ұйымшыл ұжымы музыкалық нөмірмен ән айтып, киелі домбыра үнімен күйлер орындады.

- Дастархан басында дөңгеленіп отырған барша қауымның көңіл-күйі тамаша болды. Рамазан айында ән шырмап өнер көрсетіп жатқан жандарға, ұйымшыл ұжым мен басшылығымызға алғыс білдіремін. Тек рамазан айында емес, әрқашан жүрегімізде иман сақталып, жақсылық жасай жүрейік, - деді АМӨЗ ЖШС бюджеттік және экономикалық жоспарлау бөлімінің экономисі Самат Джанглишов.

Айдана ҚАНАТАЕВА
Суретке түсірген Данияр МҰХАМБЕТОВ

КО ДНЮ ЗАЩИТНИКУ ОТЕЧЕСТВА

БАТЫРЫ РЯДОМ С НАМИ

Защищать родную землю – долг каждого гражданина. И столь ответственная роль всегда отводилась мужчине. Конечно, в некоторых странах, как и в Казахстане, женщины тоже могут связать свою жизнь с армией, однако обязательной служба является именно для представителей сильного пола.

По достижении восемнадцати лет мужчины отправляются отдавать свой гражданский долг, а затем, получив специальность, работают наравне со всеми. Только это не просто коллеги, а настоящие батыры, которые могут в нужный для страны момент встать на защиту ее граждан. На Атырауском нефтеперерабатывающем заводе рядом с нами тоже трудятся люди, прошедшие военную подготовку. И они твердо уверены, что служба в армии закаляет характер мужчины, поэтому для них это не только долг перед страной, взрастившей их, но и проявление патриотизма.

В преддверии 7 мая мы встретились с представителями разных поколений заводчан, пережившими нелегкие будни солдата, и попросили их рассказать о том, что значит быть защитником Родины.

«Орленок» помог



Оператор технологической установки ППНГО Самат ЕНСЕГЕНОВ, наш первый собеседник, считает, что служба в армии сильно повлияла на него и как специалиста, и как человека.

- Если честно, я сам попросился, то


есть по собственному желанию пошел служить, - улыбается Самат. - Сначала отучился в Гурьевском педагогическом институте на физико-математическом факультете. По окончании, в 1986 году, устроился на работу в Кайыршахтинскую среднюю школу учителем, а уже в ноябре по собственному желанию отправился в военкомат. Мне всегда хотелось испытать себя, узнать, каков мой потенциал.

По словам Енсегенова, его вместе с другими призванниками отправили на курсы военной подготовки младших командиров в далекую Ленинградскую область, в поселок Сертолово. После шести месяцев подготовки он получил звание сержанта, далее был отправлен в Мурманскую область, в село Алакуртти, где отслужил шесть месяцев в общих войсках.

- Трудился там в звании командира взвода, - с гордостью сообщает нам Самат Енсегенов. - Мы занимались подготовкой новобранцев. В феврале 1988 года меня отправили в город Выборг Ленинградской области на курсы подготовки младших офицеров. Отслужив два месяца, вернулся на родину.

По мнению Самата Енсегенова, на то, что их заметили в армии, доверяли выполнению ответственных задач, повлияли занятия по начальной военной подготовке в средней школе, где этой дисциплине уделялось большое внимание.

- Благодаря таким военно-патриотическим играм, как «Орленок» или «Зарница», мы знали, как себя вести, чего ждать от военной службы, поэтому были хорошо подготовлены, и нам удалось проявить себя с лучшей стороны. Поэтому накануне Дня защитника Отечества хочу не только поздравить всех с этим праздником, но и обратиться к молодежи, если позволите, конечно. Служить в армии и уметь защищать свою Родину – это наш главный долг. Будьте смелыми, гордо держите свою голову! - обратился старший лейтенант Енсегенов.



Дерзай, молодежь!

Инженер-механик КУ ГБД ППНГО Айдар ИРКАЛИЕВ в отличие от старших коллег по заводу служил в армии уже независимого Казахстана, но при этом твердо уверен, что полученный опыт очень пригодился в дальнейшем:

- В 2020 году меня призвали, и я отслужил в пограничных войсках в городе Актау. Наша служба проходила вдоль границы с Туркменистаном. Сейчас мне 24 года, я работаю на Атырауском нефтеперерабатывающем заводе. Да, школа жизни, которую я прошел,

будучи солдатом, сильно повлияла на мое мировоззрение. Я стал смотреть на мир по-другому, поэтому хотелось бы дать напутствие своим сверстникам, тем, кто младше меня, чтобы они шли служить в армии. А еще поздравить всех с праздником – Днем защитника Отечества, - добавил рядовой Иркалиев.



Всегда готов

Самым опытным среди наших собеседников оказался **оператор эстакады Дюсенбай СИДИХАНОВ**. Прежде чем прийти на АНПЗ в 1991 году, он отслужил два

года - сначала на Урале, в России, а затем в Германии.

- В 1988 году был призван на военную службу, шесть месяцев проходил подготовку в учебном центре Елань, в Свердловской области. Затем нас переправили в Германию, в Саксонию, где я и выполнял свой воинский долг. Полтора года провел в городе Плауэн, это в 17 километрах вдоль границы ФРГ и тогдашней Чехословакии. Был оператором-наводчиком БМП-2 в пехотном полку. До сих пор помню наши ранние подъемы, как мы почти все время проводили на стрельбище, и что любопытно, все полученные навыки не забылись. Конечно же, свой праздник мы, те, кто служил в советских войсках, отмечаем по привычке 23 февраля, но 7 мая для нас тоже важен. Хотелось бы сказать молодежи, что служить – это долг каждого мужчины. Я в вас верю, - сказал рядовой Сидиханов.

**Записала Шынар ТЕКЕЕВА
Фото Данияра МУХАМБЕТОВА**

ПАМЯТЬ

И БОЛЬЮ ОТЗЫВАЕТСЯ В СЕРДЦЕ МОЕМ АФГАНИСТАН

*Закончилась давно война в Афганистане,
Прошел и вывод войск с горячей той земли,
Но помнить мы о том пока не перестали,
Для будущих солдат мы память сберегли...*

С 1989 года 15 февраля в странах СНГ отмечается как День воина-интернационалиста. Именно в этот день командующий ограниченным контингентом генерал Борис Громов последним перешел реку Пяндж, тем самым поставив точку в одной из самых тяжелых и трагических войн второй половины XX века. Которая длилась десять лет, девять месяцев и девятнадцать дней.

... Моя беспечная жизнь закончилась 12 мая 1985 года, когда меня, студента третьего курса профтехучилища, призвали в армию. В то время это называлось «выполнение интернационального долга». Мы должны были защищать не только свою Родину, но и помогать братским народам. Я до конца не осознавал, что ждет меня впереди.казалось, что это будет сложное, но короткое знакомство с подлинной стороной суровой реальности. И я не ошибся: впереди меня ждали тяжелые испытания на прочность, верность присяге и умение выживать, оставившие большой след в моей жизни.

Сначала я попал в Таджикистан, где проходил специальную подготовку. После обучения нас, таких же, как и я, юных ребят, отправили в Демократическую Республику Афганистан. На-

шей конечной точкой стала провинция Балх, где меня определили в третий взвод первого батальона. Так началась моя боевая жизнь в Афганистане, где нашим основным занятием было сопровождение автоколонн с боеприпасами. Нередко нас отправляли в разведку.

Жизнь в постоянной опасности и тревоге сильно изменила нас. Опасные условия заставили быстро повзрослеть восемнадцатилетних парнишек. Мы начинали смотреть на жизнь иначе, думать иначе, чувствовать иначе. Именно здесь мальчишки узнали, что такое настоящие боевое братство и мужская дружба. Потому что понимали: цена твоего поступка, слова – твоя жизнь и жизни твоих товарищей. Немало страданий перенесли советские воины в

далеком Афганистане, однако и там, в чужом краю, проявили свои лучшие человеческие качества: мужество, стойкость и благородство.

Немало воды утекло с того времени. Афганская война уже давно ушла в историю. Постепенно зажили раны, мы возмужали, стали мудрее, но воспоминания о далекой войне живы, и стереть воспоминания о событиях тех лет не смогли ни годы, ни расстояния. Память о тысячах молодых ребят, не вернувшихся с той войны, память о тех, кто на горных заставах, в воздухе и на земле, в Герате и Кандагаре, Кундузе и Джалабаде выполнял свой воинский долг, будет вечной. О тех, кто попадал в засады и заживо горел в БТРах. О тех, кто плотал пыль дорог под перекрестным

огнем пулеметов. Это они, рискуя собственной жизнью, вытаскивали с поля боя раненых. Это они, оставаясь один на один с врагами, прикрывали отход своих боевых товарищей.

Немногим было суждено вернуться к родному порогу, немало полегло совсем юных мальчишек на каменистой афганской земле. Одним из них был мой друг Жаксыбай Казангапов, принявший огонь на себя. Для многих тихая Амударья стала рекой, навсегда изменившей их жизнь. Там, за рекой, осталась земля, пропитанная болью тысяч наших солдат.

**Марат МЕНДЫГАЛИЕВ
Фото взято из открытых источников**



СҰРАДЫҢЫЗ БА? ЖАУАП БЕРЕМІЗ!

ЗАУЫТ ҚАРАЖАТЫ ЕСЕБІНЕН ОҚЫТУ

Мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін терең күкіртсіздендіру қондырғысының қызметкерлерінен сұрақ: «Зауыт қызметкерлерінің балаларының оқуына ақы төлеу үшін қарыз қаражатын беру қарастырылған ба?»

Жауап: «АМӨЗ» ЖШС қаражаты есебінен қызметкерлердің балаларын оқыту 2003 жылдан бастап «Жас маман» бағдарламасы бойынша жүргізіледі.

Бағдарламаның мақсаты - Қазақстан Республикасы мен шетелдік жетекші техникалық жоғары оқу орындарда Атырау облысы мектептерінің түлектерін, көбінесе зауыт жұмысшыларының балаларын жоғары білікті маман болуы үшін даярлау.

Үміткерлерге қойылатын талаптар бекітілген «Жас маман» бағдарламасы арқылы мамандар даярлау туралы ережемен реттеледі.

Ережеге сәйкес үміткерлер арасында жыл сайын серіктестіктің бас

мамандарымен конкурс және сұхбат кездесуі өткізіледі. Соның нәтижесінде зауыт комиссиясы «Жас маман» бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындарында оқуға үміткерлерді іріктейді.

«Жас маман» бағдарламасы бойынша оқитын студенттерге бос жұмыс орны болған жағдайда өзінің мамандығы бойынша жұмыс орны ұсынылып, қызметтегі барлық тәжірибе түрлерінен өту мүмкіндігі беріледі. Жұмыс орнында тәжірибеден өту кезеңінде әрбір студентке серіктестіктің құзыретті қызметкерлері қатарынан тәлімгер бекітіледі. Тәжірибенің негізгі міндеті - студентті қажетті жұмыс дағдыларын игеруін қамтамасыз ету, мамандығы бойынша теориялық білімдерін тереңдету, оның іскерлік және жеке қасиеттерін бағалау.

2003-2021 жылдар аралығында бағдарламаға барлығы 56 адам қатысты. Оқуды 44 адам аяқтап, 12 адам оқуын жалғастыруда.

СПРАШИВАЛИ? ОТВЕЧАЕМ!

ОБУЧЕНИЕ ЗА СЧЕТ СРЕДСТВ ЗАВОДА

Вопрос от ППНГО: «Предусмотрена ли выдача заемных средств для оплаты обучения детей работников завода?»

Ответ: «Обучение детей работников за счет средств ТОО «АНПЗ» производится по программе «Жас маман» с 2003 года.

Целью программы является подготовка высококвалифицированных специалистов в ведущих технических вузах Республики Казахстан и ближнего зарубежья из числа выпускников школ Атырауской области, преимущественно детей работников завода.

Требования, предъявляемые к претендентам, регламентированы в утвержденном «Положении о подготовке специалистов по программе «Жас маман».

В соответствии с положением среди претендентов ежегодно проводится конкурс и собеседование с главными специалистами товарище-

ства, по итогам которых заводской комиссией производится отбор кандидатов на обучение в вузах по программе «Жас маман».

Студентам, обучающимся по программе «Жас маман», предоставляется возможность прохождения всех видов практик в товариществе с предоставлением рабочего места по профилю его специальности при наличии вакансии. На период прохождения практики на рабочем месте за каждым студентом закрепляется наставник из числа компетентных работников товарищества. Основной задачей практики является приобретение студентом необходимых практических навыков работы, углубление теоретических знаний по специализации, оценка его деловых и личных качеств.

Всего за период 2003-2021 г.г. в программе приняли участие 56 человек. Завершили обучение 44 человека, продолжают обучение 12 человек.

СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

БІЗДІҢ ҮЗДІКТЕР

2021 жылдың желтоқсаны – 2022 жылдың сәуір айы аралығында орталық спорттық-сауықтыру кешенінде Атырау қаласының футболдан әуесқой командалар арасында I-лига бойынша жарыс өтті. Олардың қатарында «АМӨЗ» және «NCOC», «Дина», «Омар», «Алғабас», «Дамба», «Самбо», «BASTAU», «Kuanysh», «АТЭК-АТЫРАУ», «Индер», «Кайнармунайгаз», «Жилгородок», «Dallas» командалары болды. Ағымдағы жылдың 2-ші сәуірінде соңғы тур ойында зауыттың жастар құрамасы II орынды жеңіп алды.

- Біздің команда жыл сайын облыстық, республикалық спартакиадаларға қатысып келеді. Командамыз жоғары нәтижелер көрсетіп жүр. «АМӨЗ» футбол командасының жастар құрамасында Досымов Лесбек, Нұрыбеков Дамир, Сұлтанов Ержан, Суханберлин Жәнібек, Үкібаев Темірлан, Үмбетов Жаңабай, Қуанов Руслан, Купиев Мейіржан, Қушанов Ардақ, Мәжітов Дулат, Мәлікұлы Илияс, Мусин Қанат, Белобордов Станислав, Галиев Артур, Дюсенов Ернар, Ибраев Эльдар, Қауқаров Бауыржан, Қауқаров Нұржан атты ойыншыларымыз бар. Номинация бойынша ең көп гол салған Купиев Мейіржан және Галиев Артур сұр мерген атанды. Бұл жарыстың нәтижесінде келесі жылға арналған премьер-лигаға жолдама берілді. Быыл мамыр айында «ҚазМұнайГаз» және еншілес ұйымдар арасында спартакиада өтеді. Осы жарыста біздің команда ойыншылары әуесқой футбол лигасына (ЛЛФ)

қатысуға ниетті. Бұл жарыстан жеңіске жеткен команда Нұр-Сұлтан қаласына финалға барады. Ал егер финалдан чемпион атанса, Еуропада өтетін жарысқа жол тартады. Еуропа финалына баратын командалардың шығынын «Air Astana» және «Самрук-Қазына» демеушілері өтейді. Бұл жарыстың футболдан ерекшелігі - 6 ойыншы қатысатын мини футбол есебіндегі форматта өтеді. Болашақ жеңістерге жету үшін жаттығуға деген ынтымазды артыруымыз қажет. Ойыншыларымыз үлкен белестерден көріну үшін кез келген жарысқа қатысудан бас тартпайды, – деді «АМӨЗ» ЖШС технологиялық сорғылар машинисі Бакытжан Оспанов.

Сондай-ақ Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің спорттық кешенінде ардагерлер арасында футболдан жарыс өткен еді. 22-ші наурызда басталған осы жарыстың соңғы тур ойынында зауыттың



ардагерлер құрамасы II орынды жеңіп алды.

Айта кетейік, «АМӨЗ» футбол командасы 2013 жылдан бері үлкен жетістіктерге жетіп, бірнеше жүлделерге ие болды. Атап айтқанда, 2013 жылы Атырау қаласының кубок иегері, «Теңізшевройл» (ТШО) кубогының жеңімпазы, 2014 жылы Атырау қалалық чемпионаты, «Ембімұнайгаз» АҚ, «ҚазМұнайГаз» АҚ өңдеу маркетинг салалық спартакиадасының жеңімпазы, «Statoil» ЖШС кубогының иегері атанған. 2015 жылы «ҚазМұнайГаз» АҚ өңдеу маркетинг салалық спартакиадасында 2 орын алса, 2016 жылы сол жарыста жеңімпаз болды. Соңғы жетістіктеріміздің бірі - 2019 жылғы облыстық чемпионатында I лига бойынша Атырау қаласы кубогын ұтып

алды.

Қазіргі кезде «АМӨЗ» футбол командасы Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің үлкен спорттық кешенінде «ҚазМұнайГаз» және еншілес ұйымдар арасында өтетін спартакиадаға қызу дайындалуда. Кез келген мемлекеттің беделі, абыройы – спорттағы жетістіктермен тығыз байланысты. Еліміздегі ерлердің болашақтың тірегі болатын, денсаулығы мықты азамат ретінде қалыптасуы үшін спорттың маңызы зор. Олардың жеңістері еліміздің халықаралық аренадағы имиджін қалыптастыруға үлкен септігін тигізеді анық.

Айдана ҚАНАТАЕВА
Суретке түсірген
Данияр МҰХАМБЕТОВ

«НОВАТОР» басылымы
№9. 6 мамыр 2022 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, 3.Қабдолов к-сі, 1
тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75

Газет «Print House Gerona» ЖШС
баспаханасында басылды.
Алматы қ, Помяловский к-сі,
29 «А»/1. Тел: 398-94-59,
250-47-40, 398-94-60; ф.250-47-39
Тиражы 1200 дана
Тапсырыс № 6019

БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС
ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ:
бастығының м.а. Ш.Какиджанова
«MEDYAGROUP» ЖК:
жетекшісі – Д.Мұхамбетов
редакторлар: Ш.Текеева,
А.Қанатаева.

Газет
Қазақстан Республикасының
баспасөз және бұқаралық
ақпарат министрлігінде
1992 жылғы 27 мамырда
тіркеліп, тіркеу туралы
№790 күәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.

НОВАТОР